



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР**

*2018 жылғы 23 қазан*

**Қазақстан Ұлттық Банкінің сайтында «Қазақстан Республикасындағы ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі» атты зерттеуі жарияланды**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ресми сайтында «Зерттеулер» бөлімінде «Қазақстан Республикасындағы ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі» экономикалық зерттеуін жариялады.

Бұл зерттеуде ақша-кредит саясатының өткізу тетігі негізгі арналарының (айырбастау бағамының, пайыздық мөлшерлеменің және кредиттеудің арнасы) Қазақстанда қалай жұмыс істейтінін бағалауға талпыныс жасалды.

Эмпирикалық талдау 2008-2017 жылдардағы ай сайынғы деректер негізінде векторлық авторегрессиялық модельдерді қолдану арқылы жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері ақша-кредит саясаты өткізу тетігінің қарастырылып отырған үш арнасының ішінде 2008-2017 жылдардағы кезеңдегі нысаналы көрсеткіштерге (инфляция және шығарылым) пайыздық арна мен банктік кредиттеу арнасынан гөрі айырбастау бағамы арнасының көбірек ықпал еткенін көрсетіп отыр. Бұл талдау жүргізіліп отырған іріктеудің негізгі бөлігінде айырбастау бағамы режимінің белгіленуімен түсіндіріледі. Экономикадағы валюта бағамының орталық белгі беру рөлін ескерсек, валюта бағамы айырбастау бағамы белгіленген кезеңде экономикаға айтарлықтай ықпал етті. Мұндай болжам номиналды зәкір рөліне сәйкес келеді, ол рөлді іс жүзінде валюта бағамы атқарды.

Субъектілер бойынша пайыздық арнаға жасалған жан-жақты талдау ақша нарығы мөлшерлемелерін банктік кредиттер бойынша мөлшерлемелерге ауыстырудың заңды тұлғалар кредиттері бойынша болатынын көрсетіп отыр. Бөлшек сегментте бөлшек қарыз алушылар тәуекелдерінің жоғары және қарыз алушылар кірісінің төмен болуына, кепілдің жеткіліксіздігі проблемасына, қорландыру базасының жоғары болуына байланысты мөлшерлемелер әсері берілмейді.

Кредиттік арна пайыздық арна сияқты, объективті себептерге (Қазақстандағы кәсіпорындар қызметін қаржыландыру, банктік кредиттеу ерекшелігі, активтер мерзімділігі/валютасы мен банктер пассивтерінің сәйкес келмеуі, кредиттік ресурстарға деген сұраныс пен ұсыныс факторлары) байланысты валюта арнасына қарағанда онша дамымаған. (<http://www.nationalbank.kz/?docid=3546&switch=russian>).

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына алады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)